



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 20 П Р Е С С - Р Е Л И З
2006 ЖЫЛҒЫ 17 ШІЛДЕ

Халықаралық резервтер мен
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2006 жылғы 14 шілдеде мынадай болды:

| | Ағымдағы бағамен | Тұрақты бағамен ¹ |
|---|------------------|------------------------------|
| Таза халықаралық резервтер, млн. долл. | 13 313,4 | 13 052,3 |
| оның ішінде: | | |
| ЕАВ ² таза активтер | 12 066,0 | 12 066,0 |
| Алтын | 1 247,4 | 986,3 |
| Ақша базасы, млрд. теңге | 1 100,1 | 1 100,1 |
| Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге | 906,6 | 906,6 |
| ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге | 193,0 | 193,0 |
| КЗТ/USD (кезең аяғында) | 118,42 | 133,98 |
| Алтынның бағасы (1 трой унияциясы үшін USD-мен) | 648,80 | 513,00 |

¹ 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.

² ЕАВ таза активтер – бұл ЕАВ-мен жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма

³ Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін ескермегенде

⁴ ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2006 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,8%-ға (немесе 234,4 млн. долл.) өсті. Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу және Үкіметтің шотына валютаның түсуі, Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операцияларды жүргізу жағдайларында да таза валюта қорларының (ЕАВ) 141,3 млн. долларға көбеюіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік нарықтағы бағасының 8,1%-ға өсуі нәтижесінде 93,1 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,1%-ға, ЕАВ-мен таза активтер 1,2 %-ға өсті, алтынмен активтер өзгерген жоқ.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 10 068,5 млн. долл.) қоса алғанда 23 386,6 млн. долл. болды. Өткен айда өсім 2,0 %-ды құрады.

2006 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының 3,9 %-ға (немесе 41,1 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды. Бұл ретте, тар ақша базасының кеңеюі (ЕДБ-дің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін ескермегенде) 7,9%-ды (немесе 66,4 млрд. теңге) құрады.